

БАЛАЛАР ҚҰМАР «БАРАПҚА»

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АЛАКӨЛДІҢ АЛАҢДАТҚАН АХУАЛЫ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЛОНДОННАН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл.

Қадыр МЫРЗА ӘЛІ

№83
(4827)
Бейсенбі
17 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ

Астана – әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан қалалардың бірі. Алдағы 10 жылда қала тұрғындарының саны 2,5 миллионға дейін артады деп болжанады. Урбанистика саласы сарапшыларының қатысуымен өткен семинар-кездесуде елорданың әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері сарапталып, 2035 жылға дейінгі даму бағыттары айтылды.



БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ ҚАНДАЙ?



Биыл 1-сыныпқа баратын оқушылардың 70 пайызы қазақ тілінде оқуды таңдаған.

Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі бүгінге дейін елімізде 273643 бала мектепке қабылданғанын хабарлады. Өтініші берілген оқушылардың 70 пайызы мемлекеттік тілде білім алуға ниет білдірген.

«Өтініштер 31 тамызға дейін демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін eGov.kz электронды үкімет веб-порталы немесе eGov мобильді қосымшасы арқылы, сондай-ақ қағаз түрінде – тікелей мектепте қабылданады» делінген министрліктің мәліметінде.

ОҚУ АҚЫСЫ ТӨЛЕНЕДІ

Елорданың жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқу ақысын төлеуге жыл сайынғы әлеуметтік көмек алуға өтініштерді қабылдау басталды.

Бұл жөнінде коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб хабарлады. Оқу ақысын төлеу бойынша әлеуметтік көмек Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің түлектеріне көрсетіледі. Соның ішінде жетімдер, балалар үйінің түлектері, бала кезінен мүгедектер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, асыраушысынан айырылған жағдайда мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар бар. Өтініштер осы жылдың 23 тамызына дейін қабылданады.





19-20 ШІЛДЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жаңа жәрмеңке Алаш тасжолы, 35 мекенжайындағы «Keryen joly» сауда орталығының аумағында жұмыс істейді. Сонымен қатар сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Көктал» сауда-ойын-сауық орталығында және Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында тұрақты түрде жұмыс істейді.



№83 (4827) 17/07/2025 Бейсенбі



АРНАУЛЫ ӨКІЛДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттің Ауғанстан бойынша арнаулы өкілі Еркін Тұқымовты қабылдады. Мемлекет басшысы Ауғанстан билігімен екіжақты қарым-қатынасты нығайтуда арнаулы өкілдің ерекше рөл атқаратынын атап өтті.

Арнаулы өкілге аталған елмен сауда-экономикалық және гуманитарлық салаларда өзара тиімді ықпалдастықты жолға қою тапсырылды.

Президент Алматы қаласында ашылған Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ аймақтық орталығының мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланудың маңызына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында гуманитарлық және білім беру бастамаларын жалғастыра беруге ниетті.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Барселона қаласында өткен халықаралық STEM олимпиадасында, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінде ұйымдастырылған химия пәнінен халықаралық олимпиадада жеңіске жеткен қазақстандық оқушыларға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұны еліміздің абырой-беделін арттыра түсетін тарихи жетістік ретінде бағалады.

– Бұл – Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Мемлекет жастардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына әрдайым баса мән береді. Еліміз сіздерді мақтан тұтады. Жарқын жеңістеріңіз көп болсын! – деп жазды Мемлекет басшысы.

ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ АРТТЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин экономикадағы қазіргі ахуал туралы баяндама жасады. Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов фискалдық және ақша-несие саясатын іске асыру, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қаржы министрі Мәди Тәкиев баяндады. Сондай-ақ Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы, Көлік, сауда және интеграция, Энергетика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің және бірқатар өңір әкімінің баяндамасы тыңдалды.

Алдын ала мәліметтер бойынша 2025 жылғы қаңтар-маусым айларында ЖІӨ көрсеткіші 6,2%-ға жетті. Өсу қарқынының артуы құрылыс, сауда, өнеркәсіп және байланыс салаларында тіркеледі.

Премьер-министр Президенттің экономиканы әртараптандыру және оның ұзақмерзімді әрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне назар аудартты. Осыған байланысты іскерлік белсенділікті ынталандыру, инфрақұрылымды дамыту және цифрлық технологияларды енгізу үшін қажетті Үкімет қабылдаған кешенді қадамдардың маңызы аталып өтті.

«Мемлекет басшысының экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тарапынан жүйелі шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр. Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Инвестицияларды белсенді түрде тарту түрлі салада аса маңызды бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды бастауға ықпал етті. Мемлекет басшысы өңіріміздегі тұңғыш суперкомпьютер кластерін іске қосты. Оны қолдану кең ауқымды цифрландыру мен ашықтықты арттырып, көптеген экономикалық мәселені жедел шешуге мүмкіндік береді» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр экономиканы әртараптандыру арқылы ұзақмерзімді әрі орнықты өсімді қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Олжас Бектенов халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын белсенді тартудың маңызын атап өтті. Еліміздің транзиттік әлеуетін одан әрі кеңейту үшін көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру шараларын жеделдету міндеті қойылды.

«Алдағы жылдары 3 мың шақырымнан астам автокөлік жолын күрделі жөндеу, өткізу бекеттерін жаңғырту, Қазақстан арқылы өтетін теміржол дәлізі аясында жаңа жобаларды іске асыру, халықаралық авиахабтар құру жұмыстары басты назарда болуға тиіс. Бұл шаралар 2028 жылға қарай әуе көлігімен жүктерді тасымалдау көлемін, сондай-ақ 2027 жылға қарай теміржол транзитін 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді» деп атап өтті Олжас Бектенов.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ ЖАЙЫ АЙТЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірлерді дамыту бойынша қолға алынған шаралар туралы есеп берілді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Өңірлік саясат жөніндегі жобалық кеңсе құрылды.

Қанат Бозымбаев Өңірлік стандарттар жүйесін енгізу жөнінде баяндады. Бұл облыстар арасындағы және аймақ ішіндегі инфрақұрылымға қол жеткізу барысында байқалатын теңсіздікті төмендетуге, елді мекендерді дамытуды тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту бойынша Ұлттық жобаның жүзеге асырылуы жөнінде ақпарат берілді. Жоба аясында 86 мың шақырым коммуналдық желінің құрылысы мен жаңғырту жұмыстары және жалпы қуаты 7,3 ГВт болатын қосымша генерация көздерін іске қосу қарастырылған. Осы ретте отандық тауар өндірушілердің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетика салаларындағы әлеуеті барынша пайдаланылады.

Сондай-ақ Мемлекет басшысына тұрғындарды су және кәріз жүйесімен сапалы әрі үздіксіз қамтамасыз ету үшін коммуналдық жүйелерді басқару бойынша трансұлттық компаниялармен келіссөздер жүргізілгені жөнінде айтылды.

Президент өңірлерді теңгерімді дамыту маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына бірыңғай цифрлы экожүйе енгізу, су саласын цифрландыру және су үнемдеу технологияларын қолдану жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.



ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІЛДІ

Үкімет отырысынан кейін ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында Премьер-министр мен оның орынбасарлары журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов журналистердің әлеуметтік саладағы шығындарға қатысты және басқа да бірқатар өзекті сұраққа жауап берді.

«Республикалық бюджеттің 50%-дан астамы жыл сайын әлеуметтік саланы қаржыландыруға бағытталады. Қаражат зейнетақыға, бюджет қызметкерлерінің жалақысына, көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған азаматтарға, мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақыларға, сондай-ақ мектеп, аурухана салуға және инфрақұрылымды дамытуға жұмсалады. Бұл бағытта Үкімет кешенді, жүйелі жұмыс жүргізуде» деді Үкімет басшысы.

Қазіргі уақытта бөлінетін ресурстарды пайдалану тиімділігіне бақылау күшейді. Бірқатар параметр мен тәсілді қайта бағалау жүргізіледі.

Премьер-министр жүргізілген талдау шеңберінде әлеуметтік әділеттілік қағидатына қайшы келетін қолдау шараларын теріс пайдалану фактілері анықталғанын атап өтті.

«Біз қазір еліміздің барлық халқын алты санатқа бөлген жолмен жүріп жатырмыз. Отбасының цифрлық картасы жұмыс істейді, деректер цифрланған, барлығы әл-ауқат деңгейі бойынша бөлінеді. Алтыншы санат – табыс деңгейі жеткілікті жоғары отбасылар мен адамдар. Алтыншы санатты біз әлеуметтік көмек алушылар қатарынан алып тастаймыз, өзін қамтамасыз ете алмайтындарға, жұмыс істей алмайтындарға көбірек көңіл бөлеміз. Мысалы, балалармен айналысатындықтан көпбалалы аналар, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтар жұмыс істей алмайды. Біз оларға көп көңіл бөлеміз. Өкінішке қарай, бізде әлеуметтік тәуелділік пен әлеуметтік алаяқтық фактілері бар. Біз қазір әр істі жеке-жеке шешіп, барлық басқа схемалардың жолын кесеміз. Әлеуметтік көмек өзін қамтамасыз ете алмайтын адамдарға көрсетілуі тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Президент тапсырмаларын орындау шеңберінде бюджеттік процестерге цифрлық теңге енгізілуі жөніндегі сұраққа Үкімет басшысы егжей-тегжейлі жауап берді. Бүгінгі таңда елімізде айналымға 257,5 млрд цифрлық теңге шығарылды. Платформа әзір тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануда, жыл соңына дейін оны толыққанды іске қосу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Баспасөз мәслихаты барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, орынбасарлары Серік Жұманғарин, Қанат Бозымбаев, Ермек Көшербаев салалар бойынша сұрақтарға жауап берді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайда әлемдегі ең қуатты қалқымалы жел генераторы бой көтерді.

Қуаты 17 МВт болатын қондырғы жылына 68 миллион киловатт таза электр энергиясын өндіре алады. Бұл шамамен 40000 үйді электр энергиясымен қамтамасыз етуге жеткілікті. Турбинаның биіктігі 24 метрден асатын толқындар мен 17 балдық тайфундар сияқты экстремалды теңіз жағдайларына төтеп бере алады. Былтыр жел электр станцияларының әлемдік белгіленген қуаты – 278 мегаватт.



Ганалық өнертапқыш пластик пакеттен мектеп парталарын жасайды.

Макафуи Авуку қаланы жайлаған қоқыспен күресе жүріп, мектептердегі парта-орындық тапшылығын шешуге атсалысып жүр. Ол жер-жерде шашылып жатқан пластик пакеттен сәнді әрі мықты парталар мен орындықтар жасайды. Қазір Ганада миллиондаған бала әлі күнге дейін еденде сабақ оқып жүр. Парталар пластиктен жасалса, ағаштар оталмай, планетада оптималды температураны сақтауға болады.



Еуропада тұрғындар саны рекордтық деңгейге жетті.

Еуроодақ тұрғындарының саны 450 миллионға жетті. Сарапшылар мұны рекордтық көрсеткіш дейді. 2023 жылмен салыстырғанда адам саны 1 миллионға көп. Оған мигранттардың толассыз қоныс аударуы себеп болып отыр. Жоғары көрсеткіш Германия, Франция және Италияда байқалады. «Дегенмен бұл демографияға кері әсерін тигізуі мүмкін» дейді сарапшылар. Өйткені бала туу көрсеткіші төмен және халықтың басым бөлігі қарттар.

№83 (4827) 17/07/2025 Бейсенбі



БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ ҚАНДАЙ?

Астанада қала әкімі Жеңіс Қасымбектің, Индустрия және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың, өңірлік әкімдіктер мен урбанистика саласындағы халықаралық сарапшылардың қатысуымен семинар-кездесу өтті. Жиында елорданың әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері сараланды.

Іс-шара Мемлекет басшысының тапсырмасы мен «Таза Қазақстан» атты ірі экология бастамасы аясында ұйымдастырылды. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, Астана тұрғындарының саны 1,5 миллион адамға жетіп, жыл сайын шамамен 7 пайызға өсіп келеді. Осыған орай, қаланың жаңа Бас жоспары қабылданды. Онда халық саны 2,3-2,5 миллион адамға дейін артады деп болжанған. Сондай-ақ ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы талқыланды. 2030 жылға дейін 206 апатты үйдің тұрғындары жаңа баспанаға көшеді. Қаланың құрылыс саясаты әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға және жасыл аймақтар құруға басымдық береді.

Қала әкімінің айтуынша, барлық жұмыс «Адамдарға арналған қала» қағидатына негізделіп отыр. Яғни басты назар тұрғындардың өмір сүру сапасына, қолжетімді әрі ыңғайлы орта қалыптастыруға аударылған. Инженерлік инфрақұрылым алдын ала жоспарланып, даму қарқыны тұрғындар қажеттілігінен озық жүруі тиіс.

Астанада көлік жүйесін дамыту да басты бағыттың бірі саналады. Қоғамдық көліктің үлесін қазіргі 41 пайыздан 71 пайызға дейін арттыру көзделіп отыр. Бұл ретте автобус паркі жаңартылып, жаңа жолайырықтар салынады. Сонымен қатар LRT жобасын іске асыру жалғасуда. Алғашқы желінің сынақ режимінде іске қосылуы биылғы қыркүйекке жоспарланған.

Экология және көгалдандыру мәселесі де ерекше назарда. Соңғы үш жыл ішінде Астанада 2,5 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Қалада көгалдандыру ережелері қабылданып, ағаштарды цифрландыру жүйесі енгізілді. Қоғамдық кеңістіктер мен көшелерді абаттандыру, жағалауларды көркейту жұмысы жүргізілуде. Кіші Талдықөл аумағында экопарк салынып жатыр, сондай-ақ «Green line» жаяу жүргіншілер жолы мен «Damu» паркі қолға алынған.

Елордада креативті индустрия мен оқиғалы туризм де дамып келеді. Қалада халықаралық мәдени және спорттық іс-шаралар жиі өтеді. Биыл Астанада әлемдік жұлдыздардың концерттері де жоспарланған. Семинар соңында қала әкімі Астананың алдағы дамуы қалалық қызметтердің толықтай үйлесімді жұмысы мен халықаралық үздік тәжірибелерді енгізуге байланысты екенін атап өтті.

ЖӘРМЕҢКЕДЕ ЖҰМЫС ҰСЫНДЫ

Бас қаладағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Алматы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Онда түрлі саладағы 129 жұмыс беруші 1401 бос жұмыс орнын ұсынды.

Жәрмеңке барысында Joltap бағдарламасының өкілдері, қалалық Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы, қаржы ұйымдарының мамандары келушілерге жұмысқа орналасу мен қолдау шаралары туралы кеңес берді. Бастапқы 40 минутта жәрмеңкеге 400-ден астам адам келіп үлгерді. Іс-шарада Астана қалалық Полиция департаменті 30-дан астам бос орынға өтініш берді, олар негізінен құқық қорғау саласының қызметкерлерін, полицейлерді іздейді. Өндіріс паркі кәсіпорындары жұмысшы мамандарды, коммуналдық шаруашылық жұмыс берушілерін, жүргізушілерден бастап басшылық лауазымдарға дейінгі мамандарға зәру.

– Бұл – жыл басынан бергі екінші жәрмеңке. Біріншісі ақпан айында өтті. Біз Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы жанындағы Еңбек мобильділігі орталығымен бірге жұмыс істейміз. Жәрмеңке қорытындысы бойынша екі жақтап жұмысқа орналастыру есебі жүргізіледі, – деді Алматы ауданы әкімінің орынбасары Арайлым Елімсарина.

«Зеленстрой» АҚ 30-ға жуық бос жұмыс орнын ұсынды, дүкендер мен супермаркеттер сатушылар мен кассирлердің жалпы 120 бос жұмыс орнын көрсетті. Ал мемлекеттік білім беру мекемелеріне 13-ке жуық педагог, тәрбиеші мен бала күтуші, денсаулық сақтау саласына 10 медбике, 20 санитарка қажет. Президент Іс басқармасы 60-қа жуық бос жұмыс орнына төрт бағыт бойынша өтініш берді.



АРХИВ – ТАРИХТЫҢ ДЕРЕККӨЗІ



Астана қаласы Мемлекеттік архивінің бастамасымен «Архив және ақпарат кеңістігі» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға елордадағы БАҚ өкілдері мен архив қызметкерлері қатысты. Жиынның негізгі мақсаты – архив пен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қоғамға архив құжаттары арқылы шынайы тарихи деректерді жеткізу.

– Бұл басқосуды архив ісінің ашықтығын арттыру, цифрлық ақпарат кеңістігінде архивтердің рөлі туралы пікір алмасуға арналған маңызды алаң деп есептеймін. Бүгінде архив тек құжат сақтайтын орын ғана емес, ол – тарих пен болашақтың алтын көпірі, мемлекеттің жады, қоғамның мәдени коды, азаматтың құқығын дәлелдейтін сенімді дереккөзі. Сол себепті ақпарат дәуірінде архивтердің маңызы артып келеді. Сондықтан біз БАҚ өкілдерімен арадағы ынтымақтастықты аса маңызды деп санаймыз. Сіздер халық пен билік арасындағы көпірсіздер. Архив ісінің қоғамдағы орнын, оның маңызын түсіндіруде еңбектеріңіз зор. Бірлескен жұмыс арқылы біз архив саласын танымал етіп, құнды мұраны келешек ұрпаққа жеткізу жолында ауқымды істер атқара аламыз деп ойлаймын, – деді Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жанкелді Бимолдин.

Жиын барысында архивпен тығыз байланыс жасап жүрген журналистерге алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табыс етілді. БАҚ өкілдері мен архив қызметкерлері өзара пікір алмасып, архив деректерін тиімді пайдалану жолдарын ортаға салды. Журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға архив мамандары жан-жақты жауап беріп, болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниет білдіріп тарқасты.

ЕСІРТКІНІҢ ЗИЯНЫН ЕСКЕРТТІ

Елорданың «Көктал» саябағында Балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін спорт іс-шарасы өтті. Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы және «Winox Fit Arena» фитнес клубының жаттықтырушылары Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне уақытын арнап, тимбилдинг өткізді.

– «Астана – есірткісіз қала» акциясы аясында жаттықтырушылардың көмегімен Балалар үйінің 30-ға жуық тәрбиеленушісіне салауатты өмір салтын насихаттап, қаламыздың әсем саябақтарының бірінде тимбилдинг өткіздік. Қатысушыларға арнайы сыйлықтарымыз да бар. Басты мақсатымыз – жазғы демалыс уақытында олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Сұлтан Омарғали.

«Winox Fit Arena» фитнес клубы мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы осымен үшінші мәрте «Көктал» саябағында спорт іс-шарасын ұйымдастырды.

«2025 жылы есірткі құқық бұзушылығының профилактикасы бойынша кеңес құрылып, соған мүше болдым. Есірткі мәселесін шешуді тек полицияға немесе мемлекетке ғана сеніп тапсыруға болмайды. Оған қоғамның белсенді азаматы ретінде де атсалысу қажет. Автомотоспортқа көбінесе жастар қызығады. Сондықтан спортпен қатар әр баланың дұрыс таңдау жасауына да ықпал етуге тиіспіз. Ұзақ жылдар бойы жастармен жұмыс істеп келеміз және қандай да бір қиындық туындаған сәтте біз қол ұшымызды созуға дайын екенімізді айтқымыз келеді» деді Астана автомотоспорт федерациясының басшысы Анатолий Бондарь.



АҚШ-та ежелгі птерозаврдың сүйегі табылды.

Солтүстік Американдағы ең ежелгі птерозавр ғылыми сала мамандарын шулатты. Смитсон институты ғалымдарының айтуынша, ол 230 млн жыл бұрын өмір сүрген. Бауырымен жорғалаушының жағын өлшеген мамандар оның көлемі шағаланыкімен деңгейлес екенін айтады. Бұл аймақтан ежелгі тіршілік иелерінің бөлшектері көп табылады. Бұған дейін баяғы заманғы бақа, тасбақа сияқты жаратылыстың 1200-ге жуық элементі анықталған.



Түркі әлеміне ортақ мұражай кеңістігі құрылады.

Түркітілдес елдердің азаматтары енді тарихи-мәдени нысандарға бір ғана куәлікпен кіре алады. Түркияда Түркі әлеміне ортақ мұражай картасы дайындалады. Бастама Анкарада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының туризмге жауапты министрлерінің X отырысында талқыланды. Басқосуда сондай-ақ ортақ туристік бағыттар, «Түркі музей картасы» және «Түркі Жібек жолы» сынды жобалар қарастырылды.

№83 (4827) 17/07/2025 Бейсенбі

Райхан РАХМЕТОВА







Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің алдағы отырысына дайындық шеңберінде елордалық Білім басқармасының «Біртұтас тәрбие» және «Адал азамат» бағдарламаларын орындау барысы қаралды. Осыған байланысты кеңес мүшелері Ақмола облысы Ақкөл ауданы аумағында орналасқан «Барап» балаларға арналған спорт-сауықтыру орталығына барды.

БАЛАЛАР ҚҰМАР «БАРАПҚА»

Қала әкімдігіне қарасты «Барап» лагері биыл мамыр айында балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын қолжетімді және сапалы өткізуін қамтамасыз ету мақсатында ашылған. Жазғы маусымда мұнда елорда мектептері ұсынған 2 мыңнан астам дарынды, жетістіктерге жеткен, сонымен қатар аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларды қабылдау көзделіп отыр. Оған қала бюджетінен тиісті қаржы бөлінген. 135 га аумақты алып жатқан орталық табиғаты тылсым, ауасы саф таза ормандар арасында орналасқан. Бізді қарсы алған орталық директоры Вадим Моторин «Барап» сөзінің мағынасы «ормандар басталатын жер» екенін жеткізді. Әп дегеннен сапалы және су жаңа лагерь екені оның заманауи үлгіде салынған ғимараттарынан, оюмен безендірілген жолдары мен алаңқайларынан бірден байқалды. Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев бұл лагерді атақты «Артек» сияқты деңгейге шығару мақсат екенін жеткізді.

– Қалада мектеп оқушыларының жазғы демалысын наурыз айынан бастап ұйымдастыруға кірістік. Биыл жазғы демалыспен елордалық оқушылардың 90 пайыздан астамын қамтамасыз еттік. Осындай қала сыртындағы ғана емес, мектепішілік, профильдік және әртүрлі мамандық таңдау лагерлері де жұмыс істеп жатыр. Ал бұл лагерге келсек, былтыр бір жыл бойы құрылысын жүргізіп, осы жылы маусымды бастадық. Балалардың да, ата-аналардың да көңілінен шығып, қуанып жатыр. Ендігі мақсат – лагерді жыл бойына жұмыс істеп, балаларды қабылдай алатындай жағдай жасау, сол үшін білім беру процесіне қатысты мәселелерді шешіп жатырмыз. Лагерде уақыт өткізген кезде балалар тек демалып қана қоймай, жан-жақты дамуы керек. Орталық тұжырымдамасын жасағанда соған басымдық бердік, сондықтан мұнда келгеннен бастап, балалардың әр минуты, әр сағаты, әр күні тығыз кесте арқылы қызықты әрі тиімді демалатындай етіп өтеді. Қазір кейбір лагерлер біздің ерекше бағдарламамыз туралы естіп, қызығып, үлгі алу үшін осында келіп, кеңес алып жатыр, – деді Қ.Сенғазыев.

Қоғамдық кеңес мүшелері мен БАҚ өкілдеріне әрқайсысына 100 керует сыятын 2 модульдік жатын кампусы көрсетілді. Балалардың жатын бөлмелеріне екі ярусты жап-жаңа кереует, шкаф қойылған. Әр бөлмеде жуынатын орын бар. 200 орындық асханасы заманауи ас блогы, көкөністер сақтайтын қоймалармен жабдықталған. Кір жуатын, кептіретін, үтіктейтін блогы, көпфункционалды спорт алаңымен қамтамасыз етілген. Балалардың уақытын шығармашылықпен өткізуге ерекше көңіл бөлінген. «Сәтті» орталығы шығармашылық бағыттағы сабақтар өткізуге арналса, «Өрлеу» коворкинг аймағы заманауи технологиялармен, яғни робототехника, видеография және мобилографиямен айналысуға мүмкіндік береді. Әкімшілік-тұрмыстық ғимаратта емдік дене шынықтыруға арналған сабақтар өтетін медициналық блок ашық. Лагерь аумағында сонымен қатар бойскаут-парк, пейнтбол полигоны, кедергілер жолағы сияқты нысандар да уақытты қызықты өткізуге септік етеді. Велосипед тебуге де уақыт бөлінеді. Түнде от жағатын «Алау» алаңы, әңгіме-дүкен құратын аллея, «Достық» алаңы да жаңғыртылып, қолданысқа берілген. Барлық жұмыс нысандардың өз мақсатына қарай, санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі, техникалық нормаларды сақтай отырып, балалар демалысының толыққанды және қауіпсіз өтуі үшін жасалған.

– Білім беру саласында жүзеге асып жатқан «Біртұтас тәрбие», «Адал азамат» бағдарламалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеуге бағытталған. Қазіргі таңда аталған бағдарлама білім беру ұйымдарының ішкі тәрбие жүйесіне сатылап енгізілуде. Әрбір ұйым өз ерекшелігіне сай бағдарлама құндылықтарын оқу-тәрбие процесіне кіріктіру бағытында жұмыс жүргізуде. 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие беру бағдарламасы әрі қарай жалғасын табады. Астаналық Білім басқармасының «Барап» балалар сауықтыру орталығындағы тұжырымдамасының мақсаты мен міндеті осы бағдарлама негізіндегі талаптарды қамтиды, – дейді Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев.

Келген балалар әр ауысымда 10 күннен демалады, жаз бойына сондай 7 ауысым болса, әрқайсысында 200 баладан қабылдайды. Лагерь сыртында футбол алаңы, балық аулау сабағын өткізетін жасанды көл бар. Орталық жұмысы 5 бағытта жүреді. Біріншісі, спорт-сауықтыру, бұған секция, жарыс, жиын өткізу кіреді. Екіншісі, көркем-шығармашылық, оған театр іс-шаралары, концерт, шеберхана жатады. Үшіншісі, техникалық және ғылыми бағытта робототехника, ЖИ, инженерлік жобалар жасау қарастырылады. Төртіншісі, экология-биология бағытында экоэкспедиция ұйымдастыру, шағын ферма жұмысын жүргізу қарастырылған. Бесіншісі, туристік-өлкетану бағытында сейіл-серуенге шығуға болады. Орталық сонымен қатар балаларды ақылы негізде де қабылдай алады. 10 күндік демалыс бағасы – 150 мың теңге. Лагерь ішімен толық танысқан Қоғамдық кеңес мүшелері оның жұмысына жоғары баға берді және бірқатар ұсынысын айтты.





ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдар көп жиналатын нысандар: мектептер, балабақшалар, сауда және ойын-сауық орталықтары, ауруханалар, вокзалдар, мәдени және діни мекемелерде өрттің шығу қаупі жоғары болғандықтан, тілсіз жаудың алдын алу – тек мекеме әкімшілігінің емес, әр адамның ортақ міндеті.



Қоғамдық орындарда, соның ішінде мектептер мен балабақшаларда балалардың қауіпсіздігін сақтау – ең маңызды мәселе. Әр білім беру мекемесінде эвакуация жоспары болуы шарт. Мұғалімдер мен тәрбиешілер оқушыларды эвакуациялау тәртібін жақсы меңгеріп, жылына кемінде екі рет оқу-жаттығу өткізуі тиіс. Өрт сөндіру құралдары қолжетімді және жарамды күйде болуы қажет.

Сауда орталықтары мен базарларда, дүкендерде күн сайын мыңдаған адам жүреді. Мұнда өрт сөндіру жүйелері (спринклер, дабыл, гидранттар) жұмыс істеп тұруы керек. Эвакуациялық жолдар ашық және белгілермен көрсетілген болуы тиіс. Қауіп төнген жағдайда келушілер сабырмен әрекет етіп, эвакуация бағыттарын қатаң ұстануы қажет.

Ауруханалар мен емханаларда пациенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өртке қарсы жоспар мен жауапты тұлғалар анықталуы тиіс. Медициналық мекемелерде де жанғыш заттар мен оттегі баллондарын сақтау тәртібі қатаң сақталуы қажет.

Қоғамдық тамақтану орындарында, атап айтсақ кафелер мен мейрамханаларда газ, электр плиталары мен басқа да өртке қауіпті жабдықтар қолданылады. Бұл нысандарда ас үй желдетуі, автоматты өрт дабылы, өрт сөндіргіштер орнатылған болуы керек. Қызметкерлерге арналған нұсқаулықтар тұрақты жаңартылып, оқыту жүргізілуі тиіс.

Теміржол, автобус және әуежай вокзалдарында өрт кезіндегі эвакуация жылдам әрі ұйымдасқан түрде жүргізілуі қажет. Барлық шығу жолдары ашық тұрып, арнайы белгілермен көрсетілуі керек. Қызметкерлер төтенше жағдайда жолаушыларға бағыт-бағдар беру үшін дайын болуы тиіс.

Мәдени және діни нысандарда, мешіттер, шіркеулер, театрлар мен музейлерде от қолдануға және темекі тартуға тыйым салынады. Бұл мекемелерде де эвакуациялық жоспары мен дабыл жүйесі болуы шарт.

Естеріңізде болсын, өрт қауіпсіздігі – тек мамандардың емес, әр азаматтың жауапкершілігі. Мұндай ережелерді сақтау – адам өмірін аман алып қалудың бірден-бір жолы. Қоғамдық орындарда кез келген адам өрт сөндіру құралдарының орналасуын біліп, эвакуациялық жолдарды жаттап алса артық емес. Қауіпті жағдай туындағанда 101 нөміріне хабарласыңыз. Дабыл естігенде сабыр сақтап, белгіленген тәртіппен әрекет етіңіз. Өз өміріңіз бен айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігі сіздің сақтық әрекетіңізге тікелей байланысты екенін, қарапайым ережелер үлкен қауіптің алдын алатынын естен шығармаңыз.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

АЛАКӨЛДІҢ АЛАҢДАТҚАН АХУАЛЫ



Қазақстандағы ең танымал туристік нысан болса да, Алакөлдегі демалыс сапасына сын жиі тағылады. Тіпті Мемлекет басшысының өзі өткен аптада «Алакөл маңындағы аймақтың дайындығы төмен» деп халықтан келіп түскен шағымның көптігіне Үкімет назарын аударды. Суы мөлдір, тәнге шипа көл жағасындағы жазғы демалыстың жайлы және жайсыз жақтарын қарастырайық.

Райхан РАХМЕТОВА

Алматы және Абай облыстары аумағында жатқан айдынды көлге сәйкесінше осы екі тараптан барып, суға түсетіндер көп. Қабанбай батыр жаралы әскерін көл суына шомылдырып жазған тұсы Абай жағында болса, Қытаймен шекаралас Достық станциясына қарай жолдағы Ақши, Жалаңашкөл, Көктума ауылдары Алматы жағында. Президент Алакөлдің осы қос жағалауындағы тәртіп пен инфрақұрылымды ретке келтіруді міндеттеді. Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ өңірдегі жанармай бекеттерінде жанармайдың жоғын, кептеліс күшейгенін сынады.

«Қажетті туристік инфрақұрылым, қызмет көрсету мен қауіпсіздік лайықты деңгейде қамтамасыз етілмеген. Үкіметке қысқа мерзім ішінде елдегі барлық туристік бағыттың жағдайын ретке келтіріп, олқылық жіберген лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартуды тапсырды» деп жазды Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай.

ҚОҚЫС ҚАЛДЫРМАУ ҚИЫН БА?

Бұрыннан да шағымы көп халық Мемлекет басшысы назар аударғаннан кейін тіпті ұлардай шулап қоя берді. Желіде Алакөлге барған сапарын жазбаған, жамандамаған адам қалмады. Солардың бірі журналист Ерболат Мұхамеджан отбасымен жылда демалатын жердегі тәртіпсіздік пен салғырттық өзгермейтінін жазып, «Адам кейпіндегі «малдар» деген жазба қалдырды. Абай облысы Үржар ауданы жағындағы жағдайды сипаттап, жергілікті әкімдіктер тазалықты ретке қоймағанын немесе реттеген болып көрсететінін сынады.

– Мысалы, қоқыс мәселесі. Таңертең прицебі бар бір трактор шығады, сол бір рет жинап шығады, болды, сосын күні бойы шашылып жата береді. Қоқыс салатын жәшіктер толып қалады. Арбат жуылмайды ешқашан. Сол жерде ақша тауып отырған әр кәсіпкер қонақүйі бар ма, коттеджі бар ма, айналасының тазалығына жауап беруі керек. Бірақ ешкім қадағаламайды. Қоқыс желмен, сумен жағалауды былғайды, – дейді ол.

Ол тазалық сақтауға құлықсыз кейбір адамдарды адам кейпіндегі малға теңеді. Себебі демалушылардың көбі ішеді, шылым шегеді, тұқылын, бөтелкесін қалдырып, түкіріп-қақырып жүре береді. Балалар шомылып жүрген жерге барып арақ ішіп, шулап отырады.

– Демалыс орнының жүйесі қойылмаған. Туристік полиция жағажайға келмейді десек те болады. Олар бастықтарын күтумен әуре. Менің ойымша, қоқыс тастаған әр адамды «Сергек» камерасына түсіріп, полиция арнайы бақылауға алуы керек. Жағалауға нақты бақылау камераларын қою қажет. Әрі қарай осы бейнематериалдарды ашық түрде әлеуметтік желілерде тарататын, халықтың өз мәдениетіне ұялатын уақыт келді деп есептеймін. Басқа жол жоқ. Содан кейін әкімдік бірден хаттама жасап, айыппұл салсын. Менің ойымша, айыппұл қатаң болуы тиіс, – дейді ол.

Ал Жақсылық Молдажанов деген қазақстандық азамат Алакөлге барған сапарында әжетхана табу қиын болғанын айтады.

– Мен жақында барып келгенмін, ішім жаман ауырып, әжетхана іздеп таппадым. Екі Алакөлде де қымбат. Тазалық жоқ, – дейді ол.

КӨЛДЕ ШОМЫЛУ ҚЫМБАТ ПА?

Ішкі туризмнің сапасы мен соған лайықты баға саясатының жоғынан сол қаржыға шетелде демалғанды жөн көретіндер көп. Дегенмен шетелге саяхатты қалтасы мүлдем көтермейтіндер немесе «өз елімнің туризмі дамысыншы» дейтін ұлтжанды көлеміне байланысты. Соған қарай сапа мен сервис те болады.

– «Алакөлге барып демалуға ақшасы жетпейтіндер Жерорта теңізін жағалайды» деген жаңа әзіл шығыпты. Жаны бар сөз. Мәселен, Ақшидегі Grand Villa деген қонақүйге бір түнеп шығу үшін 200 мың теңге төлейсің. Бұл ақшаға тек таңғы ас қана кіреді. Ал түскі және кешкі асты сатып алып ішесің. Бір отырғанда 50-60 мың теңге тастап кетесің. 0,25 Coca-Cola-ны 1500 теңгеден сатады. Басқасының бағасын айтпасам да түсінікті шығар?! – дейді журналист Диас Нұрақын.

Тағы бір журналист Оңғар Қабден өзі барған сапарынан сурет салып, Алакөлде демалу қымбат дегенді жоққа шығарды. «Орташа бағасы 15 мың. Қымбаттау люкстері 20-25 мыңның маңайында. Үш уақыт тамағы мен жатын орын осы бағаға кіреді» деді ол. Дегенмен оның пікірімен келіспейтіндер көп. Қарапайым халық: «3 күнге 300 мың теңге кетті. Ұшақтың билетімен 500 мың. Арзан демес едім. Сол бағаға сай сервис

> Алакөлден басқа елімізде әлі қанша туристік нысан бар. Олардың көбінің мәселесі ортақ – қымбат баға, төмен сервис, қоқыстың көптігі, әжетхананың жоқтығы. Бастысы, бұл салада қозғалыс басталды

Бұл – бір адамға ғана есептелгені», «Алакөлде баға қалтаңа қарай. 12-15 мыңға үш уақыт тамағымен бар. Өзім биыл «Ақ шағалада» жаттым. Тамағы, тазалығы ұнады. Көп адам Алакөлді Мысырмен салыстырады. Ол жақта жыл – он екі ай маусым және әлемнің түкпір-түкпірінен келеді. Жылдар бойы қалыптасқан жүйесі бар. Алакөлде ұзаса екі ай науқан. Тамыздың ортасында адам болмайды», «6 ересек, 5 кішкентай балаға 7 күнге 2,3 млн теңге кетті, таңғы ас қана кіреді, орташа есеппен түскі ас пен кешкі асқа 45 мың шамасы шығады, ұшақтың билеті 500 мың шамасы (бару-қайту), сонда бас-аяғы 3,3 млн теңгедей қаржы, бірақ сол бағаға сай сервис жоқ, интернет түгілі, жай байланысқа зар болдық» деген пікірлерін білдіреді. Соған қарағанда, әрине, балалы-шағалы, отбасылы адамдарға мұндай демалыстың ең арзанының өзі ауыр тиеді. Ал жалғыз-жарым жүргендерге біліне қоймайды.

НАУҚАН 2-3 АЙҒА СОЗЫЛАДЫ

Көл жағасындағы демалыс орындарының деңгейін үшке бөліп қарастыруға болады. Ғаламторды сүзіп шықсақ, Алматы облысы жағындағы жағалауда 300-ден астам демалыс орны бар екен. Соның ең арзаны, яғни демалыс үйлерінің бір тәулік демалу бағасы 10-18 мың теңгеден басталады. Оған жалдау және үш мезгіл тамақ кіреді. Ішінде душы, желдеткіші, тоңазытқышы, төсек орны бар. Одан жоғары сападағы бөлмелер 19-40 мың теңге арасында. Оған тек таңғы ас пен үй аумағындағы бассейн, кинотеатр, балалар алаңы сияқты нысандарды пайдалану кіреді. Үшінші деңгей 50 мың теңгеден басталып, 100 мың теңгеден асады. Мәселен, 4 орындық үй 105 мың теңге тұрады, бір қызығы бұл сомаға тамақтану кірмейді.

– Маусым басталғалы барлық орын толып тұр. Шілдеде мүлдем бос орын қалмайды. Туристер өте көп, өз елімізден бөлек, Америка, Корея, Ресейден де судың шипасына бола келетіндер аз емес. Әзербайжандар «мұндай көл еш жерде жоқ» деп бір-біріне Алакөлді мақтайды. Елдің мұндағы демалысты қымбат деуі негізсіз. Біздегі ең қымбат номер – 3 бөлмелі коттедж, аумағы – 100 шаршы метр, бағасы – тәулігіне 90 мың теңге, бірнеше отбасы болып келетіндер үшін тиімді. Бұл сомаға тамақ кірмейді. Басқа да артықшылығын пайдалана береді. Сол сияқты 2 адамдық орын 24 мың теңге тұрады, оған номер, паромда жүру, жағажай, балалар алаңы, кинотеатр, бассейн кіреді. Сондықтан қымбат дегені дұрыс емес. Тек адам өте көп болғандықтан, өзі іздеген бағадағы орындарды таппай қалуы мүмкін, – дейді «Пеликан» демалыс орнының директоры Мария Сагурова.



Алакөл жағалауында кәсібін жүргізіп отырған кәсіпкерлер бастысы жолдың жақсарғанына, 15-20 жылда Алакөлдің маңы біраз дамығанына көңілі бітеді. Енді жағалаудағы қоқыс, кәріз жайына алаңдайды. Жанармай бекеттері де көбейіп, электронды техникаларды тұтыну деңгейінің көбеюіне қарай жиі өшетін электр жарығымен қамту мәселесі шешілсе деген ұсыныстарын айтты.

Осы айтылғандардан бөлек, арзан жағалауда шатырларды 7 мың теңгеге, күн шатырларды 3 мыңға, жатын тақталарды 2 мыңға жалға беретіндер бар. Жағалауда жабайы сауда қызып тұр. Көбіне қоқыс та сол саудамен байланысты көбейіп кетеді. Бұл жердегі әжетхана мәселесі тазалық жағдайын асқындыра түседі. Халық қарасы көбейген соң қоқыс та үйіліп кететіндіктен, жәшіктердің санын арттырып, оларды тек таңертең және кешке емес, күндіз де тазалап тұратындай жағдай жасау керек. Осындай түйткілді мәселелері көп Алакөлдегі туризм қарапайым халықтың жеке мәдениетінен бастап, әкімдіктер тарапынан жүйелі жұмыс жүргізуді, демалыс орындары жағынан жауапкершілікті күшейтуді қажет етеді.

ҮКІМЕТТІҢ ШҰҒЫЛ ЖИЫНЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың туристік саладағы тапсырмаларының орындалу барысы туралы жиын өткізді. Мемлекет басшысы берген ескертулерді жедел жою үшін жергілікті жерлерде жұмысты үйлестіру мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев өңірлерге жіберілді. Оның қорытындысы бойынша кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныс берілмек.

Президенттің Алакөл маңындағы әйгілі туристік аймақтың демалушыларды қарсы алуға дайындығы төмен екені жайлы айтқан сынынан кейін Абай облысы әкімінің орынбасары Серік Түленбергенов Мақаншы ауданына барды. Көл басындағы жиында демалушыларға қолайлы жағдай жасау, санитарлық тазалық пен қауіпсіздік мәселесі талқыланды. Енді көл жағасына құқық қорғау органдарымен бірге рейд жүргізіліп, тәртіптік шаралар күшеймек. Соның ішінде моторлы қайық иелерінің қызмет көрсетуі қатаң тексеріледі. Тазалық мәселесі қарастырылып, қоқыс тастаған сауда орындары мен демалыс үйлеріне айыппұл салынады.

«Алакөлдің Абай облысындағы жағалауына биыл ерекше көңіл бөлініп жатыр. Бұған дейін наурыз айынан бастап облыс әкімі Берік Уәли туристік орынға 3 рет барып, көшпелі жиын өткізген. Алакөл жағалауына 2018 жылдан бері жөндеу жүргізілмеген. Осыны ескере отырып, облыстық бюджеттен 658 млн теңге қаржы бөлінді. Бұл қаржыдан Арбат алаңын жөндеуге 108,9 млн, жаңа қоғамдық кеңістік құруға 171,6 млн, жағалауды абаттандыруға 107,5 млн теңге бағытталды. 25 киім ауыстыратын орын, 50 контейнер, 2 биотуалет орнатылды. 7 пирстің 3-еуі орнатылып, құтқару мұнаралары мен жағажайды жарықтандыру жұмысы жүргізілді» делінген хабарламада.

Мемлекет басшысы назар аудартып, қозғау салғанда ғана шешілетін болса, бұл тізімде Алакөлден басқа елімізде әлі қанша туристік нысан бар. Олардың көбінің мәселесі ортақ – қымбат баға, төмен сервис, қоқыстың көптігі, әжетхананың жоқтығы. Бастысы, бұл салада қозғалыс басталды. Енді Үкімет шешімдері нақты үлкен өзгерістерге бастау болып, алдағы уақытта Алакөлімізбен және басқа да туристік орындарымызбен мақтанатын, қазақ шетел асып ешқайда кетпейтін, керісінше, әлем туристері ағылатын күнге жету керек. Әйтпесе тек шипалы көліміз бен тылсым табиғатымыздың бары ғана мақтан болып қала бермек...

№83 (4827) 17/07/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

21 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан»
6:45 «Таза Қазақстан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
8:00 «Бізбен бірге». Телехикая.
8:50 «Ауылдастар»
9:25 «Дархан батыр». Телехикая.
10:00 «Анам Анкара». Телехикая.
11:00 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...».
12:50 «Атамекен».
13:25 «ТҰЛҒА». Деректі фильм
14:00 «Шахматшы қыз». Телехикая
15:50 «Замандастар».
17:20 «Әндер мен жылдар»
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
20:30 «Ақжауын». Телехикая.
21:20 «АНАМ АНКАРА». Телехикая.
22:15 «Жайдарман». Уздік әзілдер
23:10 «Көзайым». Телехикая.
0:05 «Жүзден жүйрік»
2:00 «Сана».
3:05 «Әндер мен жылдар»
3:45 «Атамекен».
4:15 «Қызық екен...».
4:55 «Таза Қазақстан».

05:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 4»
07:00 «Cover show 3»
09:00 Мультсериал. «Питэр Пэн 2»
09:30 Телесериал. «Зимородок 2»
11:30 «ОйнаIQ»
12:30 Телехикая. «Келінжан 2»
14:00 Телехикая «Әйел бақыты»
16:00 Телесериал. «На твоей стороне»
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. «Әпке»
20:00 Телехикая «Әйел бақыты»
22:00 Телесериал. «На твоей стороне»
00:00 Телесериал. «Перекресток»

ASTANA TV

06.00 «Каникулы off-line 3» Худ.фильм
08.00 «Сен келерсің» телехикаясы
09.15 «Қара ниет 6» телехикаясы
10.40 «Ана» телехикаясы
12.00 «Осман 5» телехикаясы
15.00 «Я все помню» телесериал
17.15 «Родительское право» телесериал
18.30 «Яркое пламя» телесериал
19.30 «Astanatimes»
20.00 «Ана» телехикаясы
21.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
22.00 «Осман 5» телехикаясы
23.55 «Сен келерсің» телехикаясы
01.00 «Мұрагерлер» телехикаясы

П@YTINA

6:00 «П@YTINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ВЕРНИ МЕНЯ».
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА»
2:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:10 «П@YTINA» бағдарламасы
3:05 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

ҚТК

7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:30 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
10:20 «БЫЛО ДЕЛО»
11:20 «РОЗЫ И ШИПЫ», мелодрама
14:45 «НИКТО НЕ ИДЕАЛЕН», мелодрама
16:40 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
18:30 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», өзбек телехикаясы.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 «ШЕФ-6», криминальная драма
23:30 «ГОРЯЧИЙ», остросюжетная драма
1:20 «НИКТО НЕ ИДЕАЛЕН», мелодрама (повтор)
2:50 «ҚАРАЛЫ ЖЕСІР», өзбек телехикаясы (қайталау)
4:20 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!» (қайталау)
6:00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «Күліп All»
07:30 «Тәтті шоу»
08:00 «Сенім» телехикаясы. 19 бөлім
09:30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10:30 «Пингвины Мадагаскара»
11:30 Мультсериал «Губка Боб»
13:30 «Coco & Janbo» комедиясында
15:40 «Самоволка» (қайталау)
18:00 «Работорговля»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Копы в глубоком запасе»
23:00 «Бозторғай» телехикаясы. 65 бөлім
00:00 «Сенім» телехикаясы. 19 бөлім
01:20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл»
